


Білім беру ұйымының атауы	№13 Мукими атындағы жалпы орта білім беретін мектеп	
Пәні:	Қазақ тілі	
Бөлім:	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	
Педагогтің аты-жөні:	Исабекова Раушан Арынтаевна	
Күні:	2024-2025	
Сынып:	3 «А»	
Сабақтың тақырыбы:	№29 сабақ. Ц дыбысы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.4.1.1 э,ф,в,ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу; 3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу.	
Сабақтың мақсаты:	Ц дыбысы бар сөздердің дұрыс айтылуы мен жазылуын меңгереді	
Құндылықтар және оның мақсаты: Ай құндылығы:ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау	Сабақ құндылығы: БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ Өзгені тыңдау, түсіну және диалог жүргізе алу Апта дәйексөзі: Ел дегенде еміреніп,жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Б. Момышұлы	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// Уақыты 30минут	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3минут	Психологиялық ахуалды жақсарту 	Мақсаты: Бір-біріне құрмет сезімін ояту Амандасады	Мақтап, мадақтап отыру ҚБ: «Банкомат » әдісі 	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы 38-жаттығу Себетке «ч» дыбысы бар сөздерді орналастыру. Жәшікке «щ» дыбысы бар сөздерді орналастып, жазу.	Үй тапсырмасын тексертеді	Дескриптор: Құрған жоспары бойынша мазмұндама жазады-16	Суреттер
Сабақтың ортасы 25 минут	Балаларды 2 топқа бөлу. 1-топ атауы «Цирк» 2-топ атауы «Клоун» «Жұмбақ» әдісі Циркульда бар, Сызғышта жоқ. Циркта бар, Сахнада жоқ. (ц) - Ц дыбысы туралы не айта аласындар? -Ендеше бүгінгі сабақта ц дыбысы бар сөздерді сауатты жазу жайлы білімімізді жетілдіру мақсатында тапсырмалар орындайтын боламыз.	Мәтінмен жұмыс жасайды	Тамаша! Дескриптор: Мәтінді оқиды-16 Ц дыбысы бар сөзді табады-16.	Оқу құралдары

	Жаңа тақырып 39-жаттығу Мәтінді оқы Мәтін не туралы? Мәтін Мәтін неше бөліктен тұрады? Әр бөлікте не туралы айтылған? Клоундар неге күлкілі болады деп ойлайсың? Топтық жұмыс Циркке барғанды ұнатасың ба? Неліктен? «Акробаттар», «Шабандоздар», «Клоундар» тақырыбы бойынша олардың цирктегі атқаратын қызметтерін топта талқылаңдар. ЕБҚ Ц дыбысы бар сөзді тап. Оның айтылуына назар аудар. Ц және с дыбыстарын өзара салыстыр. Салыстыр <table><tr><td>Цифр</td><td>Сыйлық</td></tr><tr><td>Циркуль</td><td>Сағат</td></tr><tr><td>Концерт</td><td>Астық</td></tr><tr><td>Мотоцикл</td><td>Асқар</td></tr></table> 1-топ «Цирк» 40-жаттығу «Цирк қызықтары» тақырыбында өзің көрген оқиға туралы жаз Үлгі: Мен циркке сыныбыммен жиі барып тұрамын. Маған жылқы үстінде өнер көрсететін шабандоздар өте қатты ұнайды. Олар өте ақылды. Аренаға айнала жүріп түрлі қимылдар көрсеткенде, құлап кететіндей болады. Бірақ олар өз істерінің шебері болғандықтан бәрін ережеге сай жасайды. Сонымен қатар маған жонглёрлар да ұнайды. Олар тіпті биіктікте де өнер көрсетеді.  Сергіту сәті «Нейрожаттығулар» әдісі 41- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз. - Анасы балаларын циркке апарды. - Үй салуға цемент өте қажет. - Биыл әр гектардан ондаған центнер күріш жиналды. - Ол мотоцикл жүргізуді үйренді. ЕҚБ Ц әрпі бар сөздерге дыбыстық талдау жаса.	Цифр	Сыйлық	Циркуль	Сағат	Концерт	Астық	Мотоцикл	Асқар	Тапсырмаларды орындайды Жеке жұмыс жасайды Оқиға құрастырып жазады Жаттығу жасайды Дәптермен жұмыс жасайды Жеке жұмыс жасайды	Оның айтылуына назар аударады-1б. Дескриптор: ЕБҚ Ц және с дыбыстарын өзара салыстырады-1б. Кереметсіңдер! Дескриптор: «Цирк қызықтары» тақырыбында өзің көрген оқиға туралы жазады-1б  Керемет! Дескриптор: Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады-1б. Тамаша!	Жұмыс дәптері Цирк туралы суреттер Қимылдар Оқулық Суреттер
Цифр	Сыйлық											
Циркуль	Сағат											
Концерт	Астық											
Мотоцикл	Асқар											

Сабақты қорыту 5 минут Кері байланыс 5 минут	мотоцикл – 8 әріп, 8 дыбыс м-дауыссыз, үнді о-дауысты, жуан т-дауыссыз, қатаң о-дауысты, жуан ц-дауыссыз, қатаң и-дауысты, жіңішке к-дауыссыз, қатаң л-дауыссыз, үнді Ереже Ц – қатаң дауыссыз дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде кездеседі: цех, цемент 2- топ «Клоун» 42-жаттығу Келесі беттегі сөзжұмбақты шеш. - Ата Заң. - Өлшем бірлігі. - Сахнадағы ән, би кеші. - Санның таңбасы. - Көлік түрі. - Оқу құралы. - Ойын көрсетілетін орын. Сөздерді қатесіз жазып, жазылуын есте сақта. Сөздерді қатыстырып сөйлем құра СӨЗЖҰМБАҚТЫ ШЕШ.  1. Ата Заң. 2. Өлшем бірлігі. 3. Сахнадағы ән, би кеші. 4. Оқу құралы. 5. Көлік түрі. 6. Санның таңбасы. 7. Ойын-сауық көрсетілетін көпшілік орын. Үй тапсырмасы Ц дыбысы бар сөздерді қатыстырып бес сөйлем құрап, жазып кел. Кері байланыс 	Ережені жаттайды Тапсырмаларды орындайды Үй тапсырмасын алады Кері байланыс береді	Дескриптор: ЕҚБ Ц әрпі бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды-1б Тамаша!  Дескриптор: Сөзжұмбақты шешеді-1б Сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды-1б Тамаша! «Білім қоржыны» әдісі	Оқулық Кесте Оқулық Суреттер Оқулық Кері байланыс тақтасы
--	---	--	---	---